

Сауран ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына 2022 жылға квоталар белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Түркістан облысы Сауран ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 106 қаулысы.
Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 18-бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес, Сауран ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды 1-қосымшаға сәйкес және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды 2-қосымшаға сәйкес жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының 2022 жылға квотасын белгілеуде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 26-бабы 2-тармағы 3) тармақшасының талаптары қатаң сақталсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Жанғазиевке жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Сауран ауданының әкімі

Ғ. Рысбеков

Сауран ауданы әкімдігінің
"15" сәуір 2022 жылғы № 106
қаулысына № 1 қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін Сауран ауданы ұйымдарының тізімі

| № | Ұйым атауы | Жұмыскерлердің тізімдік саны | Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны) | Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны |
|----------|------------------|------------------------------|---|---|
| 1 | "Кудайберген" ЖК | 100 | 1 | 1 |
| 2 | "Аша" ЖК | 100 | 1 | 1 |
| 3 | "Сауран-Су" МКК | 100 | 1 | 1 |
| Барлығы: | | 300 | | 3 |

Сауран ауданы әкімдігінің
"15" сәуір 2022 жылғы № 106
қаулысына № 2 қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін Сауран ауданы ұйымдарының тізімі

| № | Ұйым атауы | Жұмыскерлердің тізімдік саны | Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны) | Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны |
|----------|------------------|------------------------------|---|--|
| 1 | "Кудайберген" ЖК | 100 | 1 | 1 |
| 2 | "Аша" ЖК | 100 | 1 | 1 |
| 3 | "Сауран-Су" МКК | 100 | 1 | 1 |
| Барлығы: | | 300 | | 3 |

Сауран ауданы әкімдігінің
"15" сәуір 2022 жылғы № 106
қаулысына № 3 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленетін Сауран ауданы ұйымдарының тізімі

| № | Ұйым атауы | Жұмыскерлердің тізімдік саны | Квотаның мөлшері (% жұмыскерлердің тізімдік саны) | Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар |
|---|------------|------------------------------|---|---|
|---|------------|------------------------------|---|---|

| | | | | қатарындағы азаматтар үшін ж ұ м ы с орындарының саны |
|----------|--|-----|---|--|
| 1. | Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Шорнақ атындағы жалпы орта мектеп" камуналдық мемлекеттік мекемесі | 125 | 1 | 1 |
| 2. | Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "А.Югнаки атындағы жалпы орта мектеп" камуналдық мемлекеттік мекемесі | 204 | 1 | 2 |
| Барлығы: | | 329 | | 3 |